

Н. Н. Сүлейменова, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы Ғылыми-зерттеу институтының криминологиялық мәселелерді зерттеу бойынша орталығының ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі

ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ ІС-ӘРЕКЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада экстремизм мен терроризм секілді әлемді жайлаған келіссіз құбылыстың пайда болып, дамуын сөз ете отыра оның өзекті тұстары мен оларды қаржыландыруға қарсы іс-әрекет мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: экстремизм, діни экстремизм, терроризм, қаржыландыру, ұлтаралық қайшылықтар, заң, бап.

Қазіргі замандағы адамзатты толғандыратыны барша елдерді жайлай бастаған экстремизм мен терроризм мәселесі. Экстремизм, түптеп алғанда, терроризмнің даму тарихындағы оның өзгермейтін, негізгі серігі, әрі экстремизм адамның өзінің жан дүниесін терроризм актісін жасауға бағыштағандай. Экстремизмнің мағынасы ортадан ауытқу, шектен шығу, белгіленген жерден тыс кету дегенді білдіреді.

Терроризм заң шеңберінен тыс жолмен, қорқыныш ұялату үшін зорлық көрсету актілерін жасау арқылы, қазіргі кезде аумақтық және ұлтаралық қайшылықтарды шешу тәсіліне айналып барады. Экстремизм мен терроризм барша адамзатты тығырыққа әкелетін — қолдан жасалып отырған зұлымдық. Бұл үдеріс (терроризмнің адамдарға қасірет әкелуі) күннен күнге қарапайым халықтардың арасында үрей тудырып, ұрпақ келешегіне алаңдау пайда болып отыр. Әлемде орын алып отырған осы құбылысқа байланысты ғылыми тұрғыдан сараптама жасап, оның пайда болуы мен дамуының негізгі себептерін ашатын бірнеше еңбектер бар. Ақпараттық кеңістікте бұл құбылысқа бір жақты тек саяси баға беріліп үстемдік етіп отырған билеуші топтың тұжырымы мен пікірі ғана айтылады. Барлық елдердің осындай бағыт ұстауының басты себебі қазіргі замандағы қоғам өмірінің шектен тыс саясаттануына байланысты және осы әлемдік саясаттанудың өзі үстемдік жүргізіп отырған бір философиялық бағыттың шеңберінен аса алмауында.

Ал осы саясаттанған әлемдік қоғам ұстамының қалыптасуына бір ғана философияның идеялогиялық үстемдік жүргізіп отыруы (бәсекелестіктің болмауы) адамзаттың даму келешегіне көптеген қайшылықтар әкеліп, адамзатты рухани дағдарысқа әкелетіні заңды құбылыс¹.

Адамдар экстремизм мен терроризм жолдарына баратын себептері халықтың тұрмыс деңгейінің төмен болуымен, халықтың діни сауатсыздығы мен жұмыссыздық деңгейінің өсуімен тікелей байланысып жатыр. Уақыт өткен сайын террорлық әрекеттердің де түрлері көбеюде. Террор негізінен әлеуметтік мәселелерден басталатын жанжалдардан, ұлтаралық және діни шиеленістерден, есірткі трафигі мен ұйымдасқан қылмыстардан, заңсыз қару-жарақ саудасынан туындайды. Сонымен қатар, адам құқықтарының сақталмауы, кедейшілік, тағы басқа да проблемалар террорлық идеологияның таралуына қолайлы жағдай туғызады. Қазіргі уақытта экстремизм мен терроризм жаңа және тез арада ақша табудың амалы, бір жолы деп те айтуға болады.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013–2017 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама әзірленді. Бұл бес жылдық мерзімге есептелген бағдарлама елдегі діни жағдайды талдауға негізделген, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелеріне маманданған сарапшылар мен ғалымдардың пікірлері мен ұсыныстарын ескереді. Бағдарламаның ережелері азаматтардың заңнамада кепілдік берілген ар-ождан бостандығы мен азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді

қамтамасыз ету қажеттігі ескеріліп тұжырымдалған. Оның мақсаты діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерін болдырмау арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады².

Діни экстремизм бағытын ұстанатын партиялар жылдан жылға біздің елдің азаматтарын өз қатарларына қосып келеді. Экстремистік әдебиеттердің таратылуы да көбеюде. Жазаларын өтеу орындарында отырған адамдар арасында да үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, бостандыққа шыққан адамдар осы ұйымдардың қатарын толтыруда.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданды. Мұнда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары, конституциялық құрылыс негіздерін қорғау, Қазақстан Республикасының егемендігі, оның аумағының тұтастығы, қол сұғылмауы және бөлінбеуі, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері айқындалған. Осы заңның 1-бабының 3-тармақшасында экстремизмді қаржыландыру — жеке тұлғаның не адамдар тобының не заңды тұлғаның іс-әрекетінің экстремистік сипатын не берілген мүліктің, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлерінің экстремизмді жүзеге асыру не экстремистік топты, экстремистік ұйымды, заңсыз әскерилендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу ұғынып жасаған адамның оларға ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырмалдық жасауы, демеушілік және қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсету көзделген³. Қазақстан Республикасы қаражатты жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша құқықтық базаны құру және жетілдіру бойынша елеулі жұмыс жасады.

Қазақстанның қабылдаған алғашқы маңызды қадамы 2008 жылдың сәуірінде Қаржы министрлігінің құрамында Қаржы мониторинг жөніндегі комитетті құру болды. Оның өкілеттігіне қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдауды жүзеге асыру енеді. Ақпараттар түскеннен бастап бірнеше талдау кезеңдерінен өтеді. Қаржы мониторингі субъектілерінен хабарламалар екі белгі бойынша келіп түседі, бірінші — заңда көрсетілген белгілі бір операциялар бойынша бекітілген шекті сомадан асқан кезде, екіншісі — экономикалық мәні жоқ мәмілелер жасау, қаржы мониторингінен жалтаруға бағытталған іс-қимылдар, сонымен қатар терроризмді қаржыландыруға қатысы бар деген жорамал бойынша операциялар күдікті операцияларға жатады. Осы ақпараттар алдымен бірінші бөлімшеге түсіп, жинақталып, мәліметтер базасына енгізіледі. Бірыңғай ақпараттық талдама жүйесі бойынша мәліметтер өңделіп, екінші бөлімшеге түседі. Егерде бір операция шетел азаматының немесе шетел заңды тұлғасының қатысуымен болған жағдайда комитет сол шетелдің құзырлы органдарына жасалған операция бойынша сұраныс жасайды, шетелдің қаржы барлау бөлімшелерімен тығыз жұмыс атқарылады. Міне, содан кейін мәліметтер талданып, күдікті деп табылған жағдайда ғана құқық қорғау органдарына әрі қарай іс жүргізу шешімін қабылдау үшін жіберіледі. Комитеттің мәліметтер базасына күдікті деген болжаммен бірнеше хабарлама мен ақпараттар түседі. Түскен ақпараттар бойынша жан-жақты талдаулар жасалып, құқық қорғау органдарына әрі қарай жұмыс жүргізілу үшін беріледі. Қаржы мониторингі жөніндегі комитеті шет мемлекеттердің қаржылық барлау бөлімшелерімен бірлесіп қаржылық тексерулер жүргізіп, қаржыны жылыстау мен терроризм және экстремизмді қаржыландыру саласында олармен ақпараттық алмасуды жүзеге асырады.

Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ (ЕАТ) құрылды. Қазақстан 2004 жылы осы топтың мүшесі болды. Осы топ аясында біз Беларусь, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Үндістан және елдерімен ақшаны жылыстатуға қарсы күрес аясында ақпараттар мен мәліметтер алмаса аламыз⁴.

Мәселен, 2013 жылы қаржы полициясы органдары терроризм мен экстремизмді қаржыландыру фактілері бойынша 4 қылмыстық іс қозғады. 2014 жылғы 16 қаңтарда Қарағанды облысы бойынша Қаржы полициясы департаменті (қазіргі Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі) 2012-2013 жылдары жалпы мөлшері 600 мыңнан астам теңгені шетелге аудару арқылы террористік қызметті қаржыландырған 3 азаматқа қатысты қылмыстық іс қозғады.

Сөз жоқ, тұлғалар терроризмді қаржыландыра отыра, террористік актілерге тапсырыс беруші немесе ұйымдастырушы болып табылады. Бұл көптеген елдердің, сонымен қатар Қазақстан Республикасы үшін де заңнамаларына рұқсат етілмеген мәселе болып табылады.

Тарихи құжаттардан бізге белгілі «Халық еркі» мүшелері өздерінің террористік қызметтерін қаржыландыру үшін келесідей қайнар көздерді қолданды:

- ақылы спектакльдарды ұйымдастыру;
- қайырымдылық мақсатта құралдарды жинау үшін кештер ұйымдастыру;
- лотереялар өткізу;
- мемлекеттік мүлікті конфискулеу, тонау.

Қазіргі таңда қоғамның дамуы терроризмді қаржыландыру әлі өзгеріссіз қалуда, соған байланысты қаржыландырудың жаңа қайнар көздерінің түрлері пайда болуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Террористік ұйымдар өздерінің құралдарын көбейту үшін өздеріне есірткі бизнесін, рәкетті, жезөкшелікті, қару сатуды, контрабанданы, ойын бизнестерін т. б. бақылауға алуға талпынады». Террористік ұйымдар мол табысты адам саудасын (әйелдер трафигі, балаларды сату) бақылауға тырысады. Сонымен қатар, террористік ұйымдар тармақтанған банктік инфрақұрылымдардың көмегімен қаржылық ағымдарды бақылауға алады⁵.

Қазақстан Республикасының Заңнамасында экстремизмді қаржыландыру дегенге мынандай түсінік пен анықтама береді. Экстремизмді қаржыландыру: жеке және (немесе) заңды тұлғаларды, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерін экстремистік мақсатта қаржыландыру. Оның ішінде қаржылық капитал, жылжымайтын мүлік, оқу полиграфиясы және материалдық-техникалық базаны, телефон, факсимильдік және басқа байланыс түрлері, ақпараттық қызмет, сонымен қатар басқа да материалдық-техникалық құралдарды ұсыну жолымен жүзеге асады.

Терроризм мен экстремизмді қаржыландыру көздерінің бірі — есірткі заттары мен қару-жарактың контрабандасы, адам саудасы, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістер болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңы 1-бабының 12-тармақшасында: «Терроризмді қаржыландыру — жеке тұлғаның не адамдар тобының не заңды тұлғаның іс-әрекетінің террористік сипатын не берілген мүліктің, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлерінің террористік іс-әрекетті жүзеге асыру не террористік топты, террористік ұйымды, заңсыз әскерлендірілген құрылымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу ұғынып жасаған адамның оларға ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырмалдық жасауы, демеушілік және қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі» деп беріледі⁶. Сонымен қатар, есірткі саудасының проблемасы халықаралық терроризмді және діни экстремизмді қаржыландырумен тығыз ұштасқан. Экономикалық салада бұл өтпелі кезеңде есірткі бизнесінің дамуы мен нашакорлықтың өсуі үшін жағдайлар туғызатын экономикалық проблемалардың шиеленісуі. Орталық Азия елдеріндегі есірткі ахуалының нашарлауына ықпал ететін факторлардың қатарында халық кедейшілігінің жоғары деңгейінің сақталуын, жұмыссыздықты және көлеңкелі шаруашылық қызметінің дамуын айтуға болады⁷.

Қоғамымызда белең алып отырған экстремизм, терроризм секілді келеңсіз құбылысқа қарсы күрес белгілі бір нормативтік-құқықтық актілер арқылы жүзеге асуы тиіс. Соның бірі

— Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Оның қалыпқа түскен нормаларында экстремистік, террорлық ағымдарды болдырмаудың жолдары қарастырылған. Бұл құжат елімізде терроризммен және экстремизммен күресудің негізгі құралы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233-3 бабының «Террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыру» талдауы бойынша аталған норма Қазақстан Республикасында террористік немесе экстремистік қызметтің қазіргі көріністерін ескере отырып, тиісті өзгертулер мен толықтыруларды енгізуді талап етеді.

Экстремистік немесе террористік қызметті қаржының көмегінің жүзеге асыру қиындық туғызатыны мәлім. Терроризмді немесе экстремизмді қаржыландыру террористер мен экстремистерді ақшалай немесе басқа да материалдық құралдармен қамтамасыз етуді көздейді. Отандық мәліметтерге жүгінсек, Қазақстанда 2011 жылғы тамыз айының соңында Атырау облысында және басқа да өңірлерде сериялы теракті жүргізуді жоспарлаған экстремистік топтың қызметі тіркелген. Ұсталғандардың жалпы саны 25 адамды құрайды. Осы бойынша, заң тілімен айтқанда, «терроризм» деп танылған қылмыстық іс қозғалған. Алайда құқық қорғау органдарының хабарламаларында экстремистік қызметті қаржыландыру көздері туралы ақпарат берілмейді. Терроризмді және экстремизмді қаржыландыру әрекеті террористік және экстремистік қылмыстарға кездейсоқ жағдай себеп болады дегенге иланғымыз жоқ. Бұл Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233-3 бабының «Террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыру» нормасы Қылмыстық кодекстің 233-бабы «Терроризм» террористік сипаттағы қылмыстар болып табылатын он екі баптан құралуы тегін емес.

Қорыта келгенде, мәселені мынаған аударғымыз келеді. Қазіргі таңда сарапшылар халықаралық террористік қызметтің қаржыландыру көздерін былайша қарастырады. Біріншіден, содырларға (террористерге) әлемдегі ірі қаржы орталықтарында есепшоттары, жеке компаниялары бар ресми бизнестермен айналысатын ауқатты адамдар қаржы бөлетіні анықталып отыр.

Екінші бір көзі, халықаралық террористерге демеушілік ететін әртүрлі қайырымдылық қорлары болып отыр. Бұл көбінесе Таяу Шығыс, соның ішінде Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері елдеріне тән құбылыс.

Үшіншіден, қаржыландыру көздерін заңсыз әрекет есебінен құрылған есірткі саудасы, қару-жарақ контрабандасы, түсті және жиі кездеспейтін металдар мен бриллианттарды заңсыз сатудан алынған қаржылар құрайды⁸.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассматривает проблемы противодействия финансированию экстремизма и терроризма.

RESUME

In this article the author considers the problem of combating the financing of terrorism and extremism

-
- 1 Источник: <http://www.ult.kz/kz/article/view?id=1088>
- 2 Белашева И. Лишний закон //Время новостей. — 2002. — № 99. С. 3.
- 3 Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 Заңы // online.zakon.kz
- 4 Қазіргі таңда көлеңкелі экономиканың деңгейін анықтайтын есептеудің бірыңғай әдістемесі жоқ. Алаш Айнасы // № 79 (761) 2012 жылғы. 11 мамыр.
- 5 Предупреждение терроризма в Казахстане / Колл. авт. — Алматы, 2008. 63-б.
- 6 Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңы // online.zakon.kz
- 7 Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы Жарлығы // online.zakon.kz
- 8 Байсағатова Д. Б. Международный опыт в борьбе с финансированием терроризма и экстремизма [Электр. қор] / кіру тәртібі: anatolysidorov/Borba-s-finansirovaniem.